

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

QAZAQ



UNIVERSITETI

№15 (1797)
12 сәуір
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Бүгін – Қазақстандағы ғылым қызметкерлерінің күні. Күнтізбедегі бұл дата кездейсоқ таңдалмағаны белгілі. 12 сәуір – Ғылым академиясының тұңғыш Президенті, көрнекті ғалым-геолог Қаныш Сәтбаевтың дүниеге келген күні.

ҒЫЛЫМ САЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Қазақтан шыққан тұңғыш академиктің ғылым саласында жолын қуған ізбасарлары аз емес. Біз ғылымның дамуына зор үлес қосып келе жатқан ғалымдарымызды мақтан тұтамыз.

Еліміздегі ғылым саласының әлеуеті зор. Мәселен, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының коронавирусқа қарсы әзірлеген вакцинасын ерекше атап өтуге болады.

Бүгінгі таңда ғылым саласының жетістіктері айтарлықтай көп, дегенмен проблемалар да жоқ емес.

Сондықтан біз өз тарапымыздан еліміздегі ғылымның одан әрі дамуы үшін кешенді шаралар қабылдап жатырмыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жан-жақты қолдауының арқасында ғылым саласында оң өзгерістер орын алып жатыр. Бірнеше негізгі бағыттарға тоқталып өтейін.

Ғылымды республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі соңғы екі жылда шамамен екі есеге артты. 2025 жылға қарай ғылымды қаржыландыру көлемін жалпы ішкі өнімнің 1% дейін ұлғайту жоспарланған. Бұл – отандық ғылымның дамуына үлкен серпін берері сөзсіз.

Егер бұған дейін Білім және ғылым министрлігінің гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстары үш жылда бір рет жүргізілсе, енді олар жыл сайын өткізілетін болады. Тек 2020 жылы 5 конкурс өткізілгенін атап өту қажет.

Тағы бір маңызды жайт, 2020 жылы алғаш рет гранттардың жаңа түрлері бекітілді. Олар – коллаборация бойынша, қысқа мерзімді, жеке, жас ғалымдарға арналған және т.б. гранттар.

Сондай-ақ докторанттардың стипендиясы 80%-ға ұлғайды.

Бұдан былай олардың стипендиясы жыл сайын 15%-ға өсіп отырады және 2025 жылға қарай 260 мың теңгені құрайтын болады.

Біз үшін магистратура мен докторантураға түсу кезіндегі ашықтық пен меритократияны арттыру маңызды. Сондықтан өткен жылы магистратураға түсу үшін емтихандарды алғаш рет электрондық форматта өткіздік. Биылдан бастап докторантураға түсу емтихандары да осындай форматта өтпек.

Ғылыми қоғамдастықпен орнатылған тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде диссертациялық кеңестердің жұмысы бойынша ережелерге өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ докторанттар үшін диссертацияны қорғау мүмкіндіктері кеңейтілді.


Одан бөлек ғылыми журналдардың тізімін қалыптастыру ережелеріне де өзгерістер енгізілді. 2021 жылдан бастап біз мықты, беделді ғылыми журналдарды қолдау жөніндегі жобаны іске асыруды бастаймыз.

Тағы бір жаңалық – енді жыл сайын 50 үздік ғылыми қызметкерге 5 млн теңге көлемінде сыйақы тағайындалады. Мұндағы механизм «ЖОО үздік оқытушысы» конкурсына ұқсас болады. Бұл «Ғылым туралы» Заңға енгізілген жаңа түзетулерге сәйкес мүмкін болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен 2020 жылы БҒМ-ге қарасты ғылыми ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту және жұмысын жандандыруға бағытталған жаңа бюджеттік бағдарлама ашылып, 2,8 млрд теңге бөлінді. Нәтижесінде 23 ғылыми-зерттеу институтына жабдықтар сатып алынды.

Биыл осы мақсатта 3,5 млрд теңге бөлінді. Сондықтан Институттарды модернизациялау бойынша жұмыс әрі қарай жалғасады.

Ұлттық ғылыми кеңес қызметінің ашықтығын арттыруға бағытталған оң өзгерістер енгізілді. Енді олардың жиындары онлайн, ал дауыс беру процесі ашық форматқа ауыстырылды. Ғылыми кеңес құрамы да ғылыми қызметкерлердің жұмысына сәйкес жаңғырды.



Биылдан бастап 500 ғалымды әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына тағылымдамалардан өтуге жіберу және "Жас ғалым" жобасы аясында 1 мың грант бөлу бойынша жұмыстар қолға алынады.

Одан бөлек, еліміздегі 20 университет «Академиялық артықшылық орталықтары» жобасы аясында қаржыландыруға ие болады. Яғни, бұл – жиырма оқу орны материалдық-техникалық базасын айтарлықтай жаңартуға мүмкіндік алады деген сөз.

Ғылымдағы барлық процестерді одан әрі цифрландыру бойынша жұмыс атқаруымыз керек. Кейбір ғылыми жобаларды іске асыру үшін ұзақ мерзім талап етіледі. Бұл ретте мұндай ғылыми жобаларға грант беру мерзімдерін 5 жылға дейін ұзарту мәселесі де қолға алынады.

Біз ел үшін стратегиялық бағыттар бойынша іргелі зерттеулермен айналысатын институттарды тікелей қаржыландыруды маңызды деп санаймыз.

Министрлік базалық қаржыландыру шеңберінде ақы алатын қызметкерлердің тізбесін кеңейту бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Біз үшін жас ғалымдарға қолдау көрсету маңызды. Сондықтан заңға енгізілген өзгертулер арқасында жас ғалымдарды қолдау үшін докторантурадан кейінгі зерттеулерге бағытталған арнайы гранттар бөлу жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, ГТҚН коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру практикасы да жалғасатын болады.

Ғалымдарымыздың жобалары жетістіктерге жету үшін – оларға қолайлы жағдай жасау аса маңызды. Сондықтан саладағы қағазбастылықты барынша азайтып, жастарды ғылым саласына тартып жатырмыз.

Құрметті ғалымдар! Ғылым саласының қызметкерлері! Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Атқарып жатқан қажырлы еңбектеріңіз, тың бастамаларыңыз бен жобаларыңыз, батыл идеяларыңыз бен бірегей зерттеулеріңіз үшін алғыс айтамын.

Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас қуат, ізденіс жолында шабыт және толағай табыстар тілеймін.

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
Білім және ғылым министрі

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ, ЖАС ІЗДЕНУШІЛЕР!

Сіздерге 12 сәуір - Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаев білім мен ғылымға ұдайы көңіл бөліп, отандық ғылымның дамуына қолайлы жағдай жасап келеді.

«Инновация. Бұл тек экономиканы ғана емес, қоғамның басқа барлық салаларын да қамтитын тарихи жүйе. Бұл ХХІ ғасырда әлемдік дамудан қалып қоймаудың бірден-бір амалы. Сондықтан мен «100 инновация» бағдарламасын – Қазақстанның инновациялық дамуының жол картасын әзірлеуді ұсындым. Инновациялық даму – Қазақстан Барысының Болашаққа қарай жасаған зор секірісі» деп атап өтіп, республика көлемінде ұлттық зертханалар мен ғылыми кешендердің ашылуына, қазақ ғылымының әлемдік деңгейге танылуына айрықша маңыз берген болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ғылым саласына тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керектігін алға тартып, әсіресе, ірі бизнес өкілдеріне өңірлік университеттердің ғылыми қызметін қамқорлыққа алуды тапсырған еді.

«Бізге елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі арнаулы бағдарламалық құжат қажет. Оның басты міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалану болмақ» деп ғылым мен әлемдік озық технологиялардың жаңа белестерін бағындыруды межелеп берді.

Осыған сәйкес, қазіргі таңда біздің университетімізде ғылымды дамытудың барлық жолдары қарастырылып, ғылым саласында бәсекеге қабілеттілікті арттыру жұмыстары қарқынды жүзеге асу үстінде. Білім ордасында 562 ғылым докторы, 887 ғылым кандидаты, 438 PhD докторы еңбек етіп, 1227 магистрант білім алуда.

ҚазҰУ ғалымдары бейнеконференция, онлайн оқытуды жүргізу үшін Jinalys Room бейнеконференц-байланыс сервисін іске қосып, «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» наноспутниктерін алғаш рет ғарышқа ұшырды.

Қазақстандық пікірлер мониторингінің ақпараттық жүйесі – OMSystem сынақтан өтуде. Бұдан бөлек, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай сынақтан өткізілген 30 ғылыми-инновациялық әзірлемелерді өндіріске енгізу бойынша жұмыс жүргізуге кірісті.

Құрметті әріптестер!

Академик Қаныш Сәтбаев дүниеге келген 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні құтты болсын!

Ғылыми жұмыстарыңыз бен зерттеушілік ізденістеріңізге шығармашылық табыс, тың жаңалық және жоғары жетістік тілеймін!

Қазақ ғылымы әлемге танылып, дамудың жаңа сатысына көтеріле берсін!

*Құрметпен,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ*

**ӘЛ-ФАРАБИ УНИВЕРСИТЕТІ
НАҒЫЗ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ
ОРДАСЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС**



2-бет

**ҚАЗУУ ҒАЛЫМДАРЫ
ПРЕЗИДЕНТ
АЛҒЫСХАТЫН АЛДЫ**



3-бет

**ҚАЗУУ-ДА СИВЕРС
АЛМА АҒАШЫ
ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ**



8-бет

ӘЛ-ФАРАБИ УНИВЕРСИТЕТІ НАҒЫЗ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ОРДАСЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС



Бүгінгі таңда әлемдік экономика ерекше қарқынмен дамып, технологиялық тегеурінге, инновациялық ізденістерге, жаңа мүмкіндіктерге кең жол ашылуда. Осы орайда озық жетістіктерге қол жеткізіп, алдыңғы қатарлы елдермен терезе теңестіру үшін іргелі ғылымның алатын үлесі зор. Ал ғылым өндіріспен тығыз қарым-қатынас орнатқанда ғана нәтиже көрсетіп, жемісін береді. Сондықтан еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің таңғы арайында «Ғасырлар тоғысында» атты сараптамалық еңбегінде елдің болашағы ғылымға тікелей тәуелді екенін баса айтып және алғашқы күннен ғылым мен өндірістің қатар дамуына жете көңіл бөлді.

Үлкен ғылыми жобаларды мемлекет тарапынан қолдаудың ауқымды бағдарламасын жасатып, өзі тікелей қадағалап отырды. Аяғынан жаңа тұрған жас мемлекеттің экономикалық өрлеуінің әр алуан сатысы осындай ғылыми жұмыстардан бастау алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Өртарпағандырылған және технологияға негізделген экономика құру – жай қажеттілік қана емес. Біз үшін бұдан басқа жол жоқ», деп ғылым саласының өркендеуіне, тиісті бағдарламалардың әрі қарай жалғасуына баса мән берді. Мемлекет басшысы ғылымды дамытуда тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керектігін, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажеттігін де алға тартты. Мемлекеттік саясат та жаңа инновациялық экономиканың негізі болуға тиіс деген тұжырым қалыптасты. Ғылым, білімді ілгерілету және технологиялық жаңғыруларға дендеп көңіл бөлу нақты қолға алынды.

Зияткерлік әлеует, жаңа білім мен инновациялық ізденістер әлемдегі ұлттық экономикаларды дамытудың қозғалыс күші екені анық. «Әзірше біз шетел тәжірибесін қабылдап жатырмыз. Тіпті ең заманауи шетелдік жабдықты пайдалану өзіндік серпілісімізді білдірмейді. Біз өзімізде пайдаланып және әлемге ұсынуға болатын жаңа нәрселер жасауға бағдар ұстануға тиіспіз», деп тапсырды өз сөзінде Елбасымыз. Ол үшін ғалымдарымыздың дәуір сұраныстарына сай өз дүниетанымын, ғылыми көзқарастарын қайта қарауы өте маңызды. Елбасы алдымызға қойған дамыған 30 елдің қатарына кіру жөніндегі сындарлы мақсат – мемлекет, университет пен бизнестің ынтымақтастығы мен күш-жігерін біріктіргенде ғана жүзеге аспақ.

Әлемдік тәжірибеде ұлттық инновациялық жүйенің негізгі құрылымы ретінде осы үш тағанның әрбір элементінің функциялары нақты айқындалған: университеттің рөлі – бұл білім, кадрлар мен технологияларды генерациялау; мемлекеттің міндеті – бірлескен қызмет жағдайларын және нормативтік-заңнамалық қамтамасыз ету, ал өнеркәсіп идеялар мен әзірлемелерді іске асыруы тиіс. Үш бірлік бір мақсатқа осылай жұмылады.

Кез келген елдің ұлттық инновациялық жүйесінде ғылыми ауқымды өндіріс үшін маңызды ресурсқа айналатын зерттеу университеттерінің орны ерекше. Барлық белгілі әлемдік жоғары технологиялық аралдар зерттеу университеттері базасында дамуда және өз елдерінің инновациялық даму драйверлеріне айналып отыр. Сонымен қатар университеттерде жай ғана жаңа идеяларды ойлап табуға қабілетті және елдің болашағын анықтайтын жаңа буын пайда болып, қалыптасатынын атап өткен жөн.

Сондықтан қазіргі таңда еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының көпшілігі коммерциялық емес акционерлік қоғамның нарықтық мәртебесін алғаны қуантады. Тиімді менеджментті енгізу арқылы олардың рөлі мен жұмыс істеу тиімділігін арттыру маңызды, бұл оларға нарықтық экономиканың нақты субъектілері болуға, өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді. Мысалы, ҚазҰУ нәтижеге бағытталған процестерді басқаруды енгізіп, өз позициясын елеулі түрде ілгері жылжытып, алдыңғы қатарлы әлемдік зерттеу университеттеріне жақындай түсті. Біз әл-Фараби университетін алдағы уақытта осы бағытта жаңаша жандандыратын боламыз.

Ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар, республиканың басқа жоғары оқу орындарында баламасы жоқ зияткерлік корпорация болып табылатын және еліміздің

жоғары білікті кадрлық әлеуетін даярлауды қамтамасыз ететін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің жетекші университеттерінің «идеядан өнімді коммерцияландыруға дейін» қағидатын іске асыру үшін дамудың жаңа моделін пайдаланады. Университет технологиялық шешімдерді, бірегей технологиялар мен өнімдерді әзірлеу бойынша процестік инновациялар орталығын іске қосты. Жерді қашықтықтан зондтау деректерін алу, өңдеу және тарату, олардың негізінде халық шаруашылығының түрлі салалары үшін геоөнімдер жасау және т.б. үшін виртуалды қабылдау стансасы бар. Жерді қашықтықтан зондтау орталығы жұмыс істейтін мұндай бірегей технологияны болашағы зор.

Ұлттық экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған механизмдерді іске асыру үшін ҚазҰУ заманауи IT-технологияларды қолдана отырып, қуатты, жоғары технологиялық цифрлы инфрақұрылым құру бойынша жұмыстар жүргізуде. Бейнеконференция, онлайн оқытуды жүргізу және т.б. үшін әзірленген Jinalys Room бейнеконференц-байланыс сервисі іске қосылған. Қазақстандық пікірлер мониторингінің ақпараттық жүйесі – OMSsystem сынақтан өтуде. Ол проблеманың ауқымын және қоғамдық пікірді қалыптастыратын негізгі ықпалды тұлғаларды айқындай отырып, ақпараттық кеңістікте зерделеу (мониторинг) жүргізуге мүмкіндік береді.

Университет посткеңестік кеңістіктегі санаулы жоғары оқу орындарының бірі ретінде алғашқы қазақстандық «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» наноспутниктерін ғарышқа ұшырды. Бұл бағыттағы жалғасы ғарыштық техника және технологияларды әзірлеу бойынша ұлттық ғылыми мектеп құру болып табылады. Онда студенттер наноспутниктерді және олардың компоненттерін жобалау және құрастыру дағдыларын алып, жаңа ізденістерге жол ашады. Бұл болашақта оларға осы салада толыққанды маман болуға мүмкіндік жасайды. Мұндай мамандық игерген жастарға қай кезде де сұраныс жоғары.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ҚазҰУ экономиканың нақты секторына енгізу үшін сынақтан өткізілген және дайын 30 ғылыми-инновациялық әзірлемелерді іске асыру және ілгерілету бойынша жұмыс жүргізуге кірісті. Университетте идеяларды коммерциялық өнімдер мен қызметтерге трансформациялайтын білікті зерттеушілер үшін барлық жағдай жасалған.

Қазіргі сәтте дайын өнімдердің бірі – нанобөлшектер негізінде жасалған қарқындылығы жоғары газ-разрядты шам болып табылады. Мұндай қарқындылығы жоғары энергия үнемдейтін газ-разрядты шамдардың құны төмен, жарық тиімділігі жоғары және қарапайым шамдармен салыстырғанда энергияны тұтынуды 7 есеге дейін төмендетеді.

Электромагниттік құбылыстарды зерттеуге арналған зертханалық қондырғы да орта және орта-арнаулы білім беру мекемелерінде қолдануға әзір. Физика курсы бойынша оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолданатын инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешен пайдалануға ыңғайлы әрі

әмбебаптығымен ерекшеленеді. Ол бір мезгілде 20-дан астам зертханалық жұмыстарды атқара алады. Сырттан электр күшін алмай-ақ дербес жұмыс істеуге қабілетті, аккумуляторлық батареямен жабдықталған.

ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық өнімдердің бірі – көміртекті нанокұрылымдардың 100% қазақстандық құрамымен температураны, ылғалдылықты, ауа қысымын және т.б. анықтауға арналған қабылдағыштар. Көміртекті наноматериалдар, олардың ерекше қасиеттеріне, мөлшеріне және төмен құнына байланысты әртүрлі салаларда, мысалы, бояулар мен лактарға, арматуралық материалдарға қоспалар ретінде қолданылады. Ол келешекте дәстүрлі материалдарды өмірдің барлық салаларынан ығыстырып, өндірістік болашағы зор болмақ.

ҚХР тарапынан 100 мың доллар көлемінде инвестиция берілген жоба аясында ҚазҰУ Дәрілік өсімдіктер орталығы ғалымдары әзірлеген инновациялық табиғи өнімдер де университет қызметкерлері мен қала тұрғындары арасында кеңінен танымал. Тұмау мен түрлі вирустарға қарсы жаңа табиғи қоспалар өсімдік шикізатынан жаңа табиғи қосылыстарды бөлу негізінде жасалған.

Жеке бизнес серіктес KazEcoSolutions ЖШС-мен бірлесіп, «Мико-Ойл» қазақстандық инновациялық биопрепаратын өнеркәсіптік өндіріске енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Тиімділігі жоғары препарат мұнаймен ластанған топырақты және құрамында мұнай бар қалдықтарды тазартуға арналған. Оны мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші кәсіпорындарға, экологиялық қызметтерге енгізуге болады.

«Ғылым қоры» АҚ қаржылық қолдауымен «ВАСТЕ» ЖШС жеке серіктесінің өндірістік алаңы базасында полиэфир шайырларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісі тиімді жұмыс істеуде. Ол тек отандық өндірушіні құруға ғана емес, сонымен қатар шикізат ретінде полиэфир шайырлары пайдаланылатын композиттік материалдар өндірушілерін де қолдауға бағытталған. Бұл ретте оның бағасы импорттық шикізат бағасынан 15-20%-ға төмен. Бағасы арзан, тиімділігі жоғары мұндай жаңалықтар қашанда сұранысқа ие.

Сонымен қатар «Ғылым қоры» АҚ жобасы аясында университет төмен температурамен және синтездің қысқа кезеңімен ерекшеленетін, сондай-ақ оларды пайдалануды жеңілдететін еріткішсіз акрилат бояуларының өз өндірісін іске қосуды жоспарлап отыр.

ҚазҰУ-дың инновациялық әзірлемелері оның зияткерлік меншігі және әзірлеушілер үшін де, бизнес өкілдері үшін де құнды актив болып табылады. Алайда көбінесе өнертабыс зияткерлік меншік саласындағы нақты қолданыстағы заңнаманың болмауына және зияткерлік меншікті бағалау мен маркетинг саласында қажетті білімі бар кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты сұранысқа толық сай болмай отыр. Бұл тұрғыда алдағы уақытта жүйелі ғылыми ізденістер жаңа белеске шығады деген үміттеміз.

Жаңа өнімді нарыққа шығару да күрделі процесс. Себебі кәсіпорындардың университеттік әзірлемелерді жүзеге асыруға қызығушылықтарының төмендігі, сондай-ақ шетелдік технологияларды пайдалану

артықшылығы байқалады. Қалыптасып қалған шет елдік технологияға деген сұраныс бірте-бірте біздің жас ғалымдардың ізденістері арқылы табыс көзіне айналуы үшін оқу орны жағдай жасауға әрқашан дайын.

Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін елімізде ғылым мен инновацияларды басқарудың тиімді моделі жасалмаған. Бұдан бөлек, инновациялық процестің барлық қатысушыларының нақты өзара әрекеттестігі жоқ, венчурлық қаржыландыру кемшін дамыған, жоғары технологиялық әзірлемелерді енгізу бойынша жеке секторды тарту механизмі тиімсіз, қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары нарық қажеттіліктеріне бағдарланбаған, қаржылық және құқықтық тұрақсыздық секілді кедергілер жетерлік. Мұның барлығы тұтас ұлттық инновациялық жүйенің тиімсіздігіне әкеледі, онсыз білім мен озық технологияларға негізделген жаңа экономика құру туралы сөз болуы мүмкін емес. Ғылыми ізденістердің заңдық иелікке жетуіне жағдай жасаған кезде ғана ол тиімді болмақ.

Сондықтан бізге ғылым мен инновацияларға жеке капитал тарту үшін қолайлы жағдайлар мен механизмдер жасау керек. Мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардың өндіру шығыстарының 1%-ы көлемінде аударымдарын ғалымдардың қолданбалы және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер жүргізуге пайдалануының нақты тетігін дайындау қажет.

Зияткерлік меншік саласында елімізге білімге негізделген экономиканың серпінді өсуіне ықпал ететін материалдық емес активтерден мемлекетке үлкен пайда алуға мүмкіндік беретін пәрменді заңнамалық және институционалдық тетіктер жасай отырып, жүйелі мәселелерді шешуді жеделдетуді жолға қоямыз. Әрине, бұлар айтуға жеңіл, бірақ «көз қорқақ, қол батыр» деген қағиданы да естен шығармауымыз керек. Қол да, ой да батыл болса, ізденістің ізі ашыла береді.

Бизнесті ғылымға тарту үшін тікелей және жанама әдістерді қолдана отырып, салықтық ынталандыру механизмдерін енгізу тиімді. Білім мен ғылымды қолдауға және дамытуға бағытталған, оның ішінде шикізат, технологиялық жабдықтар, жинақтаушы және қосалқы бөлшектер импорты кезінде кедендік баждар салудан босатуды көздеген өндіру секторларындағы салықтық преференциялар мысалы бойынша жоғары оқу орындарының эндаумент-қорларының шоттарына түсетін қаражатқа салықтық ынталандыруды енгізу қажет. Елде венчурлық қаржыландыру жүйесін дамыту үшін инновациялық әзірлемелерді инвестициялау және оларды коммерцияландыру үшін венчурлық қорларды қалыптастыруға БЖЗҚ қаражатын тарту ұсынылады.

Осылайша, ғылыми ауқымды экономикасы бар елдердің тәжірибесін негізге ала отырып, венчурлық капиталды пайдалану, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді іске асыру, университеттерді дербес зерттеу жоғары оқу орындарына трансформациялау механизмін заңнамалық деңгейде шешу арқылы университеттердің білімге негізделген инновациялық экономика субъектілері ретіндегі рөлін арттыру қажет.

Өзінің 90 жылдық тарихи кезеңіне жақындап келе жатқан ұлт білімінің ұстаханасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылым мен өндірістің, ғылым мен жаңа ізденістердің, ғылым мен әлемдік озық технологиялардың жаңа белестерін бағындыру жолында ізденіс үстінде. Бұған оқу ордасының материалдық-техникалық, ғылыми өміршеңдік мүмкіндігі толық сай келеді. Біз «ғылымда даңғыл жол жоқ» деген қалыптасқан қағиданы «ғылымда даңғыл жол бар, ол ізденіс пен білім жолы» деген қағидаға айналдыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізе береміз. Уақыт бізден осыны талап етіп отыр.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы – ректоры


«Егемен Қазақстан» газеті
09.04.2021

ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ ПРЕЗИДЕНТ АЛҒЫСХАТЫН АЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде онлайн форматта өткен Ғылым қызметкерлері күніне арналған ғылыми кеңесте университеттің бірқатар ұстаздары Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, оқу орнының медальдарымен және ректордың Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Құрметті әріптестер, Сіздер ҚазҰУ мен Қазақстанның зияткерлік әлеуетінің негізі болып табыласыздар. Университет басшылығының, жеке менің өзімнің де мақсатым – сіздердің шығармашылық, ғылыми әлеуетіңіздің толық көлемде ашылуына барлық қолайлы жағдайларды жасау. Сіздердің тараптарыңыздан біз экономикалық және технологиялық даму саласында да, сондай-ақ қоғамның игілігі мен рухани құрамдас бөлігінде де жоғары нәтижелер мен ғылыми жетістіктер күтеміз, – деді құттықтау сөзінде ректор Жансейіт Түймебаев.

Университетте жас ғалымдарды қолдаудың тұтас жүйесі жұмыс істейді. Соңғы жаңалықтардың бірі – пост-докторантура институтын енгізу. Бүгінде постдок-35 жас ғалым зерттеулердің өзекті бағыттарын дамытып, жаңа ғылыми мектептер құруда. Постдокторантура арқылы біз Қазақстан



лауреаттары физика-техникалық кластерді зерттеушілердің жаңа буынының өкілдері болды.

Ғылыми кеңесте профессор Зұлқайыр Мансұров, ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Байдәулет Ұрмашев, профессор Нұржамал Алдабек әріптес ғалымдарды мерекелерімен құттықтап, шығармашылық табыстар тіледі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы

хатын табыстады. Марапатталғандар қатарында университеттің профессорлары және қызметкерлері – Мехмет Арслан, Жақыпбек Алтаев, Жанғара Дәдебаев, Айжан Смайлова, Бекжан Мейірбаев, Қалима Туенбаева, Ақмарал Сырғақбаева, Ықтияр Палтөре, Әлия Масалимова, Айнұр Құрманәлиева, Дәурен Мұхамеджанов, Дәурен Дүйсебаев, Наталья Сейдахметовалар бар.

Қазақстан ғылымына қосқан елеулі үлестері үшін университет ректорының бұйрығымен – теоретик-физик Владимир Жунушәлиев, Жалпы тіл білімі және Еуропа тілдері кафедрасының профессоры Жанар Ыбраева, механика кафедрасының профессоры Мұхтар Менгілбаев, әл-Фараби орталығының директоры Бекжан Мейірбаев, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры Людмила Екшембаевалар «Ерен еңбегі үшін» медалімен және қытай тілі кафедрасының профессоры Нұржамал Алдабек, биофизика және биомедицина кафедрасының профессоры Сұлтан Төлеханов, археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры Виктор Зайберт «әл-Фараби» күміс медалімен марапатталды.

Сондай-ақ, өз жұмыстарын үздік атқаратын, қашанда алдыңғы қатардан көрінетін ұстаз-профессорлар: б.ғ.к. профессор Айгүл Ахметова, PhD докторы Қадыржан Смағұлов, PhD докторы Әлібек Ыдырыс, PhD докторы Ақнұр Жидебекқызы, з.ғ.к., доцент Ербол Әлімқұлов, с.ғ.д., профессор Ғалия Ыбраева, т.ғ.д., профессор Әбдеш Төлеубаев, PhD докторы Алмас Темірбеков, т.ғ.к., доцент Қасым Досқаев, з.ғ.к. Назым Дабылтаева ректордың Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

мен әлемнің жетекші университеттерінің үздік кадрларын тартамыз, сол арқылы «білімгерлердің сыртқа кетуі» мәселесін шешеміз. Біздің осы саладағы бірегей тәжірибеміз Қазақстанның басқа жоғары оқу орындары үшін үлгі болары сөзсіз. Сондай-ақ, өткен жылы көлемі 270 млн



теңгеден асатын гранттық қаржыландыру жобалары шеңберінде ақылы негізде ҒЗЖ орындауға білім алушыларды тарту сияқты жас ғалымдарды қолдау тетіктері табысты іске асырылуда. Оқу орнындағы жас ғалымдарды қолдау бойынша жүзеге асырылып жатқан саясат өз жемісін беруде. 2020 жылғы жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмыс үшін жас ғалымдарға арналған Д.А.Қонаев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың

– Ректор Ж.Қ. Түймебаев Ғылым күні қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және дала данышпаны, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойларына арналған ішараларды ұйымдастыру мен өткізуге қосқан үлесі үшін профессорлар құрамы мен қызметкерлерге жолдаған Алғыс

Онлайн конференцияда ұстаз-ғалымдарды айтулы күнмен құттықтаған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Қ. Түймебаев университеттің соңғы жылдардағы жетістіктеріне және алдағы басымдық беріп отырған бағыттарына тоқталды.

– 2020 жылы университет ғалымдары жалпы мөлшері 6 млрд теңгеге 400-ден астам ғылыми-зерттеу жобаларын орындады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 22% - ға артық.

Әлемнің рейтингтік басылымдарында ғылыми жарияланымдар саны бойынша ҚазҰУ Қазақстанның жоғары оқу орындары мен ҒЗИ арасында көшбасшы, жылына Scopus журналдарында 1000-



нан астам мақала жариялайтын алғашқы университет. Жалпы, қазақстандық авторлардың рейтингтік басылымдардағы әрбір бесінші жарияланым-ҚазҰУ ғалымдарының үлесіне тиесілі. Тәжірибе көрсеткендей, жариялау белсенділігін арттырудың ең тиімді ынталандыруы Scopus дерекқорына кіретін жоғары рейтингті журналдардағы мақалаларды марапаттау болып табылады. Мысалы, өткен жылы сыйақының жалпы көлемі шамамен 175 млн.теңгені құрады.

ҚазҰУ-дың жарияланымдық белсенділік саласындағы жоғары көрсеткіштері бірқатар марапаттармен марапатталды. Университет 2020 жылы Web of Science беделді деректер базасының «Ғылым көшбасшысы» сыйлығының үш номинациясына ие болды, ол қазақстандық жоғары оқу орындары мен ҒЗИ арасында рейтингтік басылымдарда жетекші орынды растады. Сондай-ақ, 2020 жылы «ҚазҰУ-дың Математика және физика бойынша Халықаралық журналы» Web of Science деректер базасына енгізіліп, университеттің осы базада индекстелетін төртінші ғылыми басылымы болды. Жыл сайын патенттер саны өсуде. Тек өткен жылдың өзінде ҚазҰУ ғалымдары 400-ден астам қорғау құжаттарын алды. Іске асырылып жатқан жобалар шеңберінде ғалымдар инновациялық кәсіпорындар мен спин-офф компанияларын құрды, жоғары технологиялық өнімдер шығаратын шағын сериалы өндірістер іске қосылды, көміртекті наноматериалдар, энергия үнемдейтін газразрядты шамдар, табиғи өсімдік шикізаты негізіндегі дәрілік заттар өндірісінің технологиялық желісін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

В КазНУ в онлайн-формате прошли Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Фараби Әлемі» и конкурс лучших студенческих инновационных проектов в рамках студенческих бизнес-инкубаторов КазНУ. Мероприятия посвящены 30-летию Независимости Республики Казахстан

ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ КОВИДКЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС ЭКРАНЫН ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми-технологиялық паркінің жас мамандары Жану мәселелері ғылыми-зерттеу институты мамандарымен бірге бетке арналған ALFASHIELD қорғаныс экранын әзірлеп шығарды.



алады. Сондықтан ҚазҰУ-лық жастар вирусқа қарсы қорғаныс экрандарының өзіндік нұсқасын әзірледі. Оның басты ерекшелігі – дайындау жылдамдығының тиімділігінде. Мұндай қорғаныс экрандарын өндіру үшін 3D-принтердің қажеттігі талап етілмейді. Сондай-ақ технология дайындау барысын 5-6 есе жеделдетуге мүмкіндік береді. Жоба әзірлеушілерінің айтуынша, күніне 2 адам 100-ге жуық қорғаныс экранын дайындай алады. Еліміз және әлем бойынша ауруды жұқтырушылар саны күн санап үдеп жатқан қазіргі жағдайда бұл өте маңызды.

«Бет қорғаныс экранының антистатикалық материалының шынайылығы пайдаланушыға көз алдындағы объектілерге кедергісіз шолу жасауға мүмкіндік береді. Экран вируспен бірге түрлі сұйықтықтар мен шаң-тозаңдардың бет пен көзге түсуінен қорғайды. Нәтижесінде COVID-19 коронавирусын жұқтыру қаупін бірнеше есе төмендетеді», дейді ҚазҰУ технопаркінің директоры Әмірхан Темірбаев.

Өнімнің алғашқы тұтынушыларының бірі учаскелік дәрігер Розгүл Үркембаева: «ҚазҰУ технопаркі дайындаған қорғаныс экранын жарты жылдан астам пайдаланып келемін. Өте ыңғайлы,

жағымды материал әрі бет өлшеміне қарай бейімделеді. Күні бойы тағуға қолайлы. Айналаны анық көремін, тіпті кейде бетімде қорғаныс экранының бар екенін де ұмытып кетемін. Залалсыздандырығанда сапасы еш өзгермейді. Пандемия кезінде елге аса қажет өнім әрі бізге көмек ретінде сыйға тартылды», деп өндірушілерге алғысын білдірді.

Технопарк мамандары университет қолдауымен әлеуметтік жоба аясында өнімнің алғашқы легін шығарып, қала бойынша медицина қызметкерлеріне таратып берді. Қорғаныс құралының құны, нарықтағы басқа нұсқалармен салыстырғанда, екі есе төмен, ал сапасы жоғары. ALFASHIELD экрандарын әр қолданар алдында антисептикпен сүртіп, қайта пайдалана беруге болады.

ҚазҰУ ғалымдары дайындаған кезекті отандық өнімді медицина қызметкерлерімен қатар, көпшілікпен тығыз жұмыс жасайтын банк, білім беру орталықтары, ХҚҚО, сауда дүкендері, сұлулық салондарының қызметкерлері мен бортсеріктерге тағу ұсынылады.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



Пандемия басталған кезде көптеген технологиялық компаниялар медицина қызметкерлеріне арналған қорғаныс экрандарының әртүрлі нұсқаларын шығарды. Кейбір компаниялар тіпті

өз нұсқаларын жасағысы келетіндерге әзірлемелерін ашық ұсынды. Көптеген үлгілер 3D-принтермен жасалады. Әдетте осындай бір қорғаныс экранын басып шығару орташа есеппен 1,5-2 сағат уақыт

Білім – барша адамзаттың басын біріктіріп, бір мақсатта жұмыла іс жасауға итермелейтін ұлы күш. Осы үлкен күштің, білім мен ғылым түсінігінің Қазақ жерінде пайда болуы, өркендеуі ежелгі заманнан-ақ бастау алды. Осыған дәлел Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұт Қашқари, ибн Сина сынды көптеген ұлы ойшыл ғалымдардың салып кеткен сара жолы. Қанша ғасыр өтсе де, бұл саланың дамуы еш тоқтаған емес. Өткен ғасырлардағы Қазақтың ұлы ағартушы-ғалымдары Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсариндер да осы жолда аянбай еңбек етіп, кейінгі ұрпаққа, ғылымға талпынған әрбір талаптыға жол сілтеуші темірқазық бола білді.

Даму тарихы тереңде жатқан қазақ ғылымының қазіргі жағдайы да көңілге қуаныш ұялатады. Білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер қолға алынып, жоғары деңгейде жан-жақты сапалы білім беру мен ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып жатқан 383 ұйым бар. Осы ұйымдардың бірі әрі бірегейі әлемнің үздік университеттерінің QS халықаралық рейтингінде 165 орынға жайғасқан, Times Higher Education рейтингіне алғаш рет кірген екі Қазақстандық жоғары оқу орнының бірі болған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазіргі таңда университетте 32 ғылыми-зерттеу институтымен қоса

ҒЫЛЫМҒА КӨҢІЛ БӨЛСЕҢІЗ...

технопарк, бизнесинкубатор, түрлі орталықтар қызмет атқарады. Сондай-ақ республикадағы жалпы іргелі зерттеу бағдарламаларының жартысы университеттің ғылыми-зерттеу институттарында жүргізіледі. Бұған қоса университет жанынан құрылған Стратегиялық зерттеулерді дамыту Халықаралық орталығы да жұмыс жасауда. Ақпараттық-талдау, ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін тиянақты дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуілуін қамтамасыз етуді өздейтін орталық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді және олардың уақтылы және сапалы орындалуын бақылайды. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелендіруге, іске асыруға және ғылыми еңбектерді шығаруға ат салысатын бұл орталық ғалымдарға, буыны қатпаған жас ғалымдарға үлкен қолдау. Жалпы мұндай ауқымды жұмыстардың жасалуы университеттің басты миссиясымен түсіндіріледі.

ҚазҰУ ғылыми бағытқа аса мән беретін университет ретінде ғылым саласының болашағы болатын жоғары білімді жас ғалымдарды, бәсекеге қабілетті сапалы мамандарды даярлауды мақсат етеді және оқу үдерісінің сапалылығына, инновациялық деңгейдің артуына ерекше көңіл бөледі, студенттерді инновациялық жобалауға, ашылған ғылыми жаңалықтарды коммерциялауға үйретеді. Қазіргі таңда ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналды және ғылыми инфрақұрылымының ұтымды стратегиялық мақсатының арқасында әлемдік рейтингтерде табысты алға жылжып келе жатыр. Жыл сайын университетте

ғалымдардың еңбегін қолдау, жас ғалымдарды ғылым саласына тарту мақсатында дарынды жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған жобалар, конкурстар, конференциялар ұйымдастырылады. Жас ғалымдар өз жобаларын түрлі байқауларда да ұсынып жүрді орындар мен ақшалай марапаттарға ие болып жүр. Атап айтар болсақ, Елбасы қорының ұйымдастыруымен өткен «Үздік жас ғалымдар кеңесі» байқауында ҚазҰУ Жас Ғалымдар Кеңесі жеңімпаз атанған болатын. Мұндай шаралардың өткізілуі және қатысуға жағдай жасалуы өз кезегінде отандық ғылымның алға ілгерілеуіне, Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің кеңейуіне өз үлесін қосады.

Осы жылдың қаңтар айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын негізге ала отырып даму стратегиясын ұсынды. Университеттің 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясының ең басты мақсатының бірі – әлемнің 200 жетекші зерттеу университеттерінің санына кіру және қоғамдағы прогрессивті экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістердің қозғаушы күші болу. Мақсатқа қол жеткізу үшін алдағы алты жыл кезеңінде университетте алдыңғы қатарлы ғылыми зерттеулер жүргізу, жастарды ғылыми-инновациялық қызметке белсенді тарту, инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жұмыстар атқарылатын болады. Биыл ҚазҰУ-да ғылымның барлық салалары бойынша магистратура мен PhD докторантураға бөлінген грант саны артып, оларға берілетін

мүмкіндіктер шеңбері кеңейіп, мүмкіндікпен қатар оларға қойылатын талап та күшеюде. ҚР білім беруді және ғылымды дамыту бағдарламасында жазбаша жұмыстарды тексеру үшін танылған халықаралық антиплагиат ақпараттық жүйесін қолдану арқылы білім алушылардың жауапкершілігін арттыру, Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) платформасындағы жарияланымдардың жалпы санын арттыру, университеттер жанынан технопарктер мен бизнес инкубаторлар ашу мәселелері қозғалған болатын. Ал ҚазҰУ бұл мәселелердің шешімін тауып, бұрыннан-ақ өз практикасында қоданып келеді. Оқытушылар білім алушыларды әрдайым ғылыми сауаттылыққа шақырады. Ал жас зерттеушілер болса ҚазҰУ қабырғасында құрылған технопарк пен бизнес-инкубаторда жоғарғы технологиялық ойларын жүзеге асырып, сол арқылы өз істеріне инвестор тарту, серіктес табу сияқты мүмкіншіліктерге ие болып жүр. Ал мұндай жобалар ұлғая келе елге, өнеркәсіптің дамуына үлкен үлес қосып, ел экономикасына мол пайда әкелері сөзсіз.

Елбасымыз «Терең білім тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой азаттығымыздың алдаспаны» дейді. Сондықтан еліміздің тұрақты дамуы үшін алда тұрған ауқымды міндеттерді, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын, жылдам дамып жатқан білім-ғылымның өзгерісіне ілесі алатын, әлемдік бәсекелестікке қабілетті озық ойлы жастар қажет. Ал мұндай мамандарды даярлау ҚазҰУ сияқты еңсесі биік білім ордаларына сеніп тапсырылуы университет үшін үлкен мәртебе.

Р.Ж. ҚОНДЫБАЕВА,
PhD докторы, доцент м.а.,

Д.Н. АЙДАР,
1-курс магистранты

Молодые специалисты научно-технологического парка КазНУ имени аль-Фараби совместно со учеными Научно-исследовательского института проблем горения разработали защитный экран для лица ALFASHIELD

По итогам онлайн-конкурса лучших студенческих инновационных проектов в рамках студенческих бизнес-инкубаторов КазНУ имени аль-Фараби лучшим из лучших признан проект по разработке алгоритма диагностики IgA нефропатии у детей, автором которого является магистрант 2-го курса специальности «медицина» КазНУ имени аль-Фараби Динара Демеубаева.

НАГРАДИЛИ ПОБЕДИТЕЛЕЙ ЛУЧШИХ СТУДЕНЧЕСКИХ ИННОВАЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ-2021



противодействию интернет-экстремизму. Призовое третье место было присуждено слушателям подготовительного курса факультета довузовского образования – авторам проекта, направленного на популяризацию национальных ремесел казахского народа. Студенты удивили всех умением самостоятельно валять кошму и делать из нее различные сувениры с аппликацией в виде здания КазНУ, например, сумку для мобильного телефона и сумку-термос.

Магистрант факультета журналистики Берикбол Толеген, известный по популярным сегодня в Казахстане образовательным проектам Qaztest.kz, Martebe.kz и Ozattar.kz, руководит также языковой платформой Skills academy, посредством которой можно развить знание нескольких языков и навыков. На первом этапе автор проекта планирует запустить свой продукт на рынок уже в мае, с последующим выпуском мобильной версии.

Инновационный проект «Литературная квест-игра» как средство популяризации художественных произведений» студентов филологического факультета направлен на саморазвитие личности с познавательной позицией к литературе, объединяет в себе различные виды двигательной, познавательной, исследовательской, продуктивной, коммуникативной и музыкально-художественной форм деятельности.

Магистранты 1 курса медицинского факультета, также удостоенные третьего места в конкурсе инновационных проектов, разработали качественно новые капли с наночастицами золота для лечения воспалительных заболеваний глаз. По мнению авторов, «подобным каплям аналогов в мире нет – уникальный натуральный состав, основанный на растительном экстракте Сафлора с добавлением наночастиц золота, потенциально способен проявить выраженный противовоспалительный эффект, сопоставимый с эффектом имеющихся на рынке синтетических препаратов».

Таким образом, все авторы-победители инновационных проектов, отмеченные жюри, были награждены дипломами и денежными призами. Поздравляем!

Гул БАЯНДИНА

и белка в моче уже на ранних стадиях для исключения IgA нефропатии. Включение анализа в скрининг позволит снизить количество тяжелых форм и осложнений нефропатии, уровень инвалидизации, а также получить экономический эффект от массового проведения анализа крови на С3, С4 методом PCR. Таким образом, разработанный студентами КазНУ новый алгоритм диагностики значительно снизит расходы на проведение биопсии и будет способствовать повышению качества жизни населения.

По решению жюри конкурса, второе место было присуждено трем разным проектам. Первый – разработка студентами 2-го и 3-го курса факультета философии и политологии, запустивших психологический социальный проект «Qadam». Это онлайн-платформа для особенных детей и их родителей на базе приложения instagram для оказания психологической и социальной помощи в развитии познавательного мира ребенка.

Второе место завоевал и проект «Полиграф», созданный студенткой физико-технического факультета Назерке Абылай. Как сказала сама автор «проект отличаясь малыми габаритами, программным обеспечением и возможностью фиксирования сигналов

одновременности шести датчиков, он прошел тестирование в центре Казахстанской Ассоциации полиграфологов и показал положительные результаты».

Студенты 4-го курса факультета биологии и биотехнологии заняли второе место с проектом «Разработка индустриального выращивания клариевого сома (Clarias gariepinus) в мини-установках замкнутого водоснабжения (мини-УЗВ)». Как отметили разработчики «мы предложили новый бюджетный вариант выращивания рыбы, который подходит, как начинающим рыболовам, имеющим небольшие площади для выращивания рыбы, так и крупным рыболовческим компаниям. Данная технология позволит значительно сократить себестоимость рыбы, благодаря чему хороший диетический продукт станет доступен казахстанцам».

Студенты факультета информационных технологий представили проект по обеспечению безопасности в социальных сетях, занявший третье призовое место. Разработка имеет научную новизну в виде программного модуля сбора и анализа данных для определения экстремистской направленности в веб-ресурсах, и может быть использована для обеспечения информационной безопасности по

Адам табиғаттың төресі, әміршісі, падишасы болу үшін жаралған. Бірақ үстемдік құратын даналық оған туа бітпеген: ол ондай даналыққа білім арқылы жетеді. Білімнің қайнар көзі ол сарқылмайды, білім жолында адамзат қандай зор табыстарға ие болса да, адамдар ізденуден, ақиқатты ашудан және танып білуден еш айнамайды.

АДАМЗАТ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДА

халық игілігіне қаулап шығады. Ғылым біртұтас, ол бөлшектеуге көнбейді. Ғылымның кейбір сатыларын ғана дамытуға тырысып, өзгелеріне көңіл аудармай қоюға болмайды. Ғылым - күш-қуат, ол заттардың қарым-қатынасын олардың заңдарын және өзара әрекетін ашып береді. Ғылымда даңғыл жол жоқ, тұрақтылық та болмайды, керісінше, мұндағының бәрі алға басып, барған сайын жетіліп отырады. Көргеннен, білгеннен аспау, барды қанағат қылу, жоқты іздемеу – ойдың мешеулігі. Әлі де болса белгісіз бірдеңелер қалып тұрғанда ұдайы оқып үйрену керек. Ғылым өзіне адамның бүкіл өмірін сарп етуін талап етеді.

Ғылым дегеніміз – тұнып тұрған ғажаып поэзия. Мектепте оқу керек, ал мектептен сон, одан да көп оқу керек. Адам білмегендіктен адаспайды, білгішсінем деп адасады. Ғылыми қорытындыларын бүкпей де, бүркемей де әділ бағасын беру, дұрысын қолдап, терістігін сынай отырып іздену арқылы ғана ғылым ілгерілемек. Ғылым білімге қонады, ғылымсыз білім тым құрғақ. Ғылымның қас жауы –

надандық пен топастық.

Ғылым үшін барлығы да маңызды. Таңқаларлық жаңалықтар ашып, көркейіп келе жатқан ғылым – заманымыздың ұлы поэзиясы... Білімдеріңізді толықтырмаған әр күн - сіз үшін текке кеткен және енді қайтып оралмайтын күн деп есептеңіз. Біздің білуімізде ешқандай шет те, шек те болмақ емес. Өйткені білудің өзі шексіз. ...барлығы жайында аз-аздап және аздаған нәрсе жайында бәрін де білу керек. Ғылымды көбінесе біліммен шатастырады. Бұл үлкен ағаттық. Ғылым дегеніміз білім ғана емес, сонымен бірге саналылық та, яғни сол алған білімді дұрыс қолдана білу. Тек қана есте сақтауымен емес, өзінің терең ойлауымен игеріп алған білім ғана – білім. Ғылымның мақсаты адамгершіліктің және прогрестің жоғарғы мақсаттарына қызмет ету, табиғат заңдарын адамның мақсатына бағындыру болып табылады. Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде

болады. Ғалымға азық берер қайнар көз кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады. Ғылым халыққа пайдасын тигізсе ғана қызықты. ... адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем дүние жүзінің қожасы болып отыра алады.

Ғылымның рөлі қызмет ету, ол игілікке жету құралы. Ұлы ғалым Қ.И. Сәтбаев айтқандай: «Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі. ... білімнің еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот бастастан жалтырай да жарқырай береді».

Д. ТАҒЫБЕРГЕНОВ,
2 - курс магистранты

М. ӘСЕМБАЕВА,
жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы өтті. Жыл сайын ұйымдастырылатын еліміздегі ең ірі ғылыми форумға республикалық ЖОО-лар, институттар, ғылыми орталықтар мен алыс-жақын шетелдерден биыл 3 мыңнан астам жас ізденімпаз онлайн қатысты.

Конференция секцияларының пленарлық отырыстары университет факультеттерінде қашықтықтан өткізілді. Филология факультеті қатысушыларына құттықтау сөз арнаған фил.ғ.д., профессор Баян Жолдасбекова: «Биылғы конференция ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Баршаңызды осынау айтулы мерекемен құттықтап, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін» деп жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ студенттер мен жас ғалымдардың заманауи ғылым мәселелерін шешуге деген қызығушылығының жыл сайын артып келе жатқанын атап өтті.

География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы, ғ.ғ.д., профессор В.Г.Сальников конференцияның ғылыми инновациямен айналысатын жастар үшін өз жобаларын жүзеге асыруға жол ашатын жақсы мүмкіндік екеніне тоқталды. Виталий Григорьевич: «Фараби әлемі» – жас ғалымдар мен студенттердің өз ғылыми жетістіктерін таныстыратын бірегей алаң. Бұл жерде жастар тәжірибелі ғалымдар мен мамандардың сараптамалық пікірлерін тыңдап, өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыра алады», деген пікірімен бөлісті.

Алқалы жиында ғылымның әртүрлі саласы бойынша теориялық, эксперименттік және қолданбалы

ЖАС ҒАЛЫМДАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы
Алматы, Қазақстан, 2021 жыл, 6 - 8 сәуір

бағыттағы 120 секция бойынша баяндамалар тыңдалды. Келіп түскен жұмыстар жобаның жаңашылдығы мен маңыздылығы, зерттелу дәрежесі, ақпаратты құрылымдаудың анықтығы, қорытындылардың болуы сынды талаптар бойынша бағаланды. Нәтижесінде 48 студент ректордың дипломымен және әрқайсысы 16 орыннан тұратын I, II, III дәрежелі диплом иелері сәйкесінше 75 000, 50 000, 30 000 қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

География және табиғатты пайдалану факультетінің 2-курс докторанты, I дәрежелі диплом иегері Гаухар Айдарханова: «Фараби әлемі» конференциясы бізге, студенттер, докторанттар мен жас ғалымдар үшін үлкен жауапкершілік әрі жетістік болып табылады. Себебі біз өз зерттеулерімізді талқылап, ғалымдармен тілдесеміз, олардың пікірлерін тыңдаймыз, даму үшін көптеген жаңа және пайдалы дүниелерді үйренеміз», дей келе, жастарды қолдап отырған университет басшылығына ризашылығын жеткізді.

Конференция аясында дәстүрге сай «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік

жас ғалымы» ғылыми инновациялар байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты – ғылыми-инновациялық ізденістерімен көзге түсіп жүрген білім алушылар мен жас мамандарды қолдау, олардың жаңашыл жетістіктерін танымал ету, ҒЗЖ нәтижелерін оқу және өндірістік процестерге енгізу болатын.

«Қазіргі таңда жас ғалымдардың ғылым жолына түсіп, бұл бағытта түрлі жаңалықтар ашуы аса маңызды», дейді филология факультетінің 2-курс студенті, студенттік ғылыми инновациялар байқауының жүлделі II орын иегері Қамшыбек Ахмет. Оның айтуынша, студенттердің әлеуетін ашып, шығармашылығын шыңдауда «Фараби әлемі» ғылыми конференциясының орны ерек. «Осындай ғылыми конференциялар ғылым жолының жаңа бағытта түрленуіне өз ықпалын тигізеді деп ойлаймын», дейді ол.

Байқауға университет білім алушыларынан 60-қа жуық өтінім келіп түсіп, байқау комиссиясының шешімімен 9 жоба авторы жеңімпаз атанды.

Гүл БАЯНДИНА

■ QYSQA-NUSQA

Qazaqstan ғылым: sandardy söiletsek

Qazaqstanda ғылым salasynda 21 782 adam jümьs isteidi. Zertteuilerdin 35%-y ғылыми nemese akademiьlyq дәrejege ie, olar – 1697 ғылым doktory, 4165 ғылым kandidaty, 1340 PhD doktory және 293 beim boiьnша doktor.

Ғалымдардың 34%-y – 35 jasqa tolмаған; 43%-y – 35 jastan 54 jasqa deingiler; 23%-y – 55 jastan asqandar. Äielderдин үлесі – 54%, erler үлесі – 46%.

2021 jylғы 1 säuirdegi jaғдай boiьnша QR BGM Ғылым komiteti ғылыми және ғылыми-tehnikьlyq qyzmetтин 1034 subektisin akredittedi, olардың 626-sy zaңdy және 408-1 jeke tülға болып tabылady.

Qazaqstandyq ғалымдар marapattalyp jatyr

Bilim және ғылым ministri Ashat Aimaғambetov ғылым salасыnyң damuyna zor үles qosqan ғалымдарға «Qazaqstan Respublikasynyң ғылымyn damytuға sиьirgen eңbegi үшim» töсbelgisi мен basqa da vedomstvolyq nagradalardy tabystaуда.

Qazaqstandyq ғылым qyzmetkerlerin käsibi merkelelerinden qüttyqtaimyz!

Äl-Farabi atyндағы QazÜU-nиң Şyğystanу fakülteti Taiau Şyğys және Oңtüstik Azia kafedrasynyң üiьmdastyruymen, Qazaqstan Respublikasy Täuelsizdigiñniң 30 jylдыq mereitoyna арналған halyqаралыq bиrқатар is-şaralar şeңberinde, Nür-Mübarak Egipet islam мәdenieti universitetimen және Äl-Marsad Äl-Urubi Europalyq observatoriamen (Fransia) bиrlesip, JOO oqytusylaryna арналған «Arab tиln funksionaldyq oqytu ereкşelikteri мен әdisteri: teoriadan onlain formattaғы praktikaға» atty III respublikalyq әdistemelik webinar өз jümьsyn onlain formatta bastady. Bül әdistemelik webinar 2021 jylдың 24 säuirine deim jalғasady.

QazÜU-dың Şyğystanу fakültetinde дәstürli түrde ötkizilip otyratyn atalған webinarдың bиrиnşi jümьs күninde әlemniң әr түrli eldermen (Germania, Fransia, İtalia, Dania, Niderlandy, Egipet, Tunis, Qyrғyzstan, Özbekstan, Äzırbaijan), sondai-aq Qazaqstandaғы joғary oqu oryndarynan (L.Gumilev atyндағы EÜU, Abai atyндағы QazÜPU, Abylaihan atyндағы QazHQJÄTU, H.A.İasauı atyндағы HQTU, Qorqyt ata atyндағы QMU) 76 profesor мен oqytusy, doktorant, magistrant qatysty.

Därister мен pikırtalastardың taqyryptary әr түrli әdistemelik және әdisnamalyq мәselelerdi qamtidy, onyñ işinde soңgy uaqytta özekti болып түрған qaşyqytqan, onlain және offlain oqytu formattary, olардың ereкşelikteri мен мүmkindikteri әlemdik және jergilikti auqymda qarastyrylady. Qatysusylar şet eldik auditoriaға arab tиln oqytuda jaңa oqytu strategialardy жүzege asyru үшim qandai qūraldar мен әdisterge жүginu kerektigin talqylaityn bolady.


МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН ҚАЖЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТТАР ТІЗІМІ

ҚР Білім және ғылым министрлігі магистратура мен докторантураға түсу үшін қажет халықаралық сертификаттар тізімін жариялады.

Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін халықаралық сертификаттарды ұсынуға немесе кешенді тестілеу (КТ) барысында шет тілінен тест тапсыруға болады.

Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін шет тілін меңгергендігін растайтын сертификат міндетті болып табылады.

Сонымен қатар Duolingo English Test 2021-2022 оқу жылына магистратура мен докторантураға түсу кезінде шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттар тізімінен шығарылады.



Каждый ответственный шаг нашей жизни требует тщательного анализа и осознанности, ведь от выбора зависит дальнейшая траектория профессиональной деятельности и карьеры. Именно в таком состоянии я решала очень важный вопрос о поступлении в докторантуру.

МОЙ ПУТЬ В ДОКТОРАНТУРУ



я была рада тому, что меня окружали люди, готовые протянуть руку помощи.

Начнем с того, что Казахстан принял обучение по системе высшего образования согласно Болонскому процессу. Цель декларации — установление европейской зоны высшего образования, а также активизация европейской системы высшего образования в мировом масштабе. Присоединение к Болонскому процессу дает новый импульс процессу модернизации высшего профессионального образования, открывает дополнительные возможности

для участия российских вузов в проектах, финансируемых Европейской комиссией, а студентам и преподавателям высших учебных заведений – в программах по академическому обмену с университетами европейских стран. Мне посчастливилось пройти обучение по программе академической мобильности между Казахским Национальным университетом и Лодзинским Университетом (Польша). Это стало первым толчком к выбору дальнейшей траектории обучения и квалификации и продолжения своего образования.

Тем не менее, данное решение я приняла не сразу. Я поступила в магистратуру на факультете филологии и мировых языков КазНУ имени аль-Фараби, продолжив обучение по специальности «Лингвистика». С этого момента я осознала свою любовь к науке и значимость выбранной специальности.

Мне посчастливилось учиться по двухдипломной программе в Московском Государственном Лингвистическом Университете, куда я мечтала поступить. На протяжении всего семестра я работала с научным консультантом. Этот опыт дал мне твердую почву и колоссальный опыт, повлиявший на мою реализацию как молодого ученого. Ведь такой шанс дается не каждому, и я от всей души благодарю свой университет, кафедру общего языкознания и европейских языков. И, конечно, выражаю бесконечную признательность своему научному руководителю, д.ф.н., профессору Гульмире Баянжановне Мадиевой!

Для всех, кто еще не может определиться в выборе дальнейшей профессиональной стези, помните, что от него зависит дальнейшая траектория вашего личного развития. Хочу пожелать творческих успехов и реализаций задуманного своим сокурсникам и всем докторантам. Всегда помните о том, что ваше окружение будет влиять на процесс становления вашей личности!

М.М. МАЛШЫ,
PhD студент

Халқымыз үшін білім мен ғылымның тәлім мен тәрбиенің орны қашанда бөлек. Бабаларымыз ілім мен ғылымның тек оқу арқылы табылатынын дұрыс ұғынған. «Ғылым таппай мақтанба...» – деп, жас ұрпақты ғылымға жетелеген Ұлы Абай ұстанымы бүгін де маңызын жойған жоқ.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ІЗІМЕН



Э.Н. Оразалиева, профессор Е.Б. Саурықов, және т.б. ғылымға өзіндік үлестерін қосып жүрген ғалымдарымызды атап айтуымызға болады.

Сонымен қатар кафедра құрамында араб тілі мен әдебиетінің мамандары еңбек етті: профессор А.Б. Дербісәлиев, доцент М.Н. Маженова, Г.Р. Рамазанова, Г.Е. Надирова, Ф.Х. Мамеко, Т.Н. Жемкова, Д.Н. Нургазина, Ж.С. Сейметова және т.б. Аталған ғалымдар 1984 жылы ашылған араб филологиясы кафедрасының негізін құрып, кейін шығыстану факультетіне айналуына ықпалын тигізді.

Аталмыш кафедра жайында айтқанда, ең алдымен жалпы тіл білімі кафедрасын жоғары дәрежеде маманданған, ғылыми деңгейі биік, тіл білімі саласында әртүрлі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жасайтын филология факультетінің маңдай алды кафедрасы биігіне көтерген, бірнеше тілде жатық сөйлейтін, әлем тілдерінің материалдары негізінде жазылған еңбектердің

авторы, академик А.С. Аманжолов есімімен байланыстылығы.

Ғылымда өз мектебін қалыптастырып, түркітану саласына жаңа ағым қосқан білгір маман, түркітануды зерттеп-зерделеген көнетүркі жазуының шығу тарихы, графикалық жүйенің даму динамикасына қатысты тұжырымдарымен ерекшеленетін қазақстандағы көне түркілік жазба мұрағаттар тілін зерттеуші санаулы ғалымдардың бірі. Әйгілі түрколог ғалым Алтай Сәрсенұлы Аманжолов есімі тек Қазақстан, ТМД елдерінде ғана емес, көптеген шетелдерге белгілі. Бұған дәлел ғалымның шетелдерде оқыған дәрістері мен Түркия, Қытай, Ресейден шыққан еңбектерінің дүниежүзіне таралуы. А.С. Аманжолов өзінің жарты ғасыр ғұмырын түркі филологиясына, жалпы түркітану, ата-баба жазуының этногенезі мәселелеріне, түркі халықтарының көне жазуының тарихына, оны оқудың тәсілдеріне, сөздердің мән-мағынасына көңіл бөліп, олардың жазу мәдениетінің құпия сырын ашуға еңбектенген. Ғалымның дәрістерін тыңдаған, ұлағатты сөздерін естіген шәкірттері бүгінгі таңда Қазақ елінің түкпір-түкпірінде қызмет атқаруда. Әйтсе де ұлы тұлғаның дәрістерін тыңдап, өзімен бірге бір кафедрада қызмет атқарғанымыз біз үшін үлкен бақыт.

Сонымен қатар кафедраның ғалымдары – жалпы және жеке тіл білімінің әр түрлі салалары бойынша еңбектеніп, әрі ойлары пікірлес жоғары маманданған шығармашылық ұжымнан құрылған. Олар – қазіргі таңда өз елімізде, әрі елімізден тыс алыс елдердің түкпір-түкпіріне тараған есімдерімен және ғылыми еңбектерімен белгілі болған ғалымдар.

Кафедраның тағы да бір мақтаншы ретінде ҚР ЖМ МҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Элеонора Дүйсенқызы Сүлейменованы үлкен ілтипатпен айта аламыз.

Профессор Э.Д. Сүлейменованың ғылыми-зерттеу жұмысының өрісі кең, олар – жалпы тіл білімі, әлеуметтік тіл білімі, теориялық және қолданбалы лексикография, салғастырмалы тіл білімі. Ғалымның ғылыми-зерттеу кеңістігінің өрісін қазақ және орыс тілдері материалдары негізіндегі тілдерді меңгерудің теориялық және қолданбалы аспектісі құрайды. Профессор Э.Д. Сүлейменова – халықаралық және

республикалық ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшісі, әрі құрастырушысы.

Қаймағын бұзбай, қалыптасқан дәстүрді ары қарай жалғастырушы, аталмыш кафедраның бүгінгі меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлмира Мадиева. Профессор Г.Б. Мадиеваның жетекшілігімен аспиранттар, ізденушілер республиканың әр аймақтарынан кандидаттық диссертацияларын қорғауда.

Әл-Фарабидің білімді ақылмен ұштастырғанда ғана адами болмысымызды сақтап қалатындығымыз туралы қанатты сөзін саналарына мықтап бекіткен кафедра ұжымы бүгінде тату-тәтті, берекелі еңбектенуде. Ұстаздардың өнегелі тәрбиесі мен бір-біріне деген мейірімі, жылулыққа толы көзқарастары талай жанның жүрегін жылытып, көңіліне сенім ұялатары айқын. Аталған оқытушыларымыз жас буын өкілдерін тек біліммен ғана сусындатып қоймай, оларды толық қанды азамат етіп тәрбиелеуге, өмірлік жолды таңдауда әр адамның адами қадір-қасиеттерін бойына сіңіруге, жарқын болашақ үшін ерінбей, тынбай еңбек етулеріне қол ұштарын беріп, демеп отыратын жандар. Әр оқытушының өзіне тән өзіндік әлемі, тартымды талғамы, рухани мол байлығы, айналасына деген мейірім мен мол шапағаты өзінше ерекшеленіп тұрады. Сыпайылықты жандарына серік қылған, ғылымға адалдықты берік ұстанар ғалым-ұстаздар – өз шәкірттеріне ғана емес, жалпы ғылымның ертеңін күйттеп, елдің еңсесін түсірмеуді армандайтын алғыр азаматтарға айнымас үлгі.

Қазақ ғылымының көкжиегіндегі қарлығаш ұйым, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетіндегі барша қызметкерлердің істеріне береке, ойларына ұтқырлық, бойларына сабырлық, еңбектеріне адалдық тілеп, осы жолдан жаңылмай, білім мен ғылымның көне сұрлеуін жаңа ізденістермен бедерлей беріңіздер демекпіз!

Сондай-ақ, Ғылым саласында өнімді еңбек атқарып келе жатқан барша ғалымдарды Ғылым күні мерекесімен шын ниетімізмен құттықтай отырып, ғылымдағы өнегелі, ерелі істеріне табыс, отбасыларына амандық, ғылыми ізденістеріне табыс, еңбектеріне жеміс тілегім келеді.

С.Б. БЕКТЕМІРОВА,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

На кафедре русской филологии и мировой литературы факультета филологии и мировых языков продолжает свою работу этно-клуб «Русский мир»

ҚазҰУ-да Сиверс алма ағашы отырғызылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қалашығында Ғылым қызметкерлері күніне орай Сиверс алма ағашының көшеттері отырғызылды. Игілікті шара экологиялық «ECOJER» қауымдастығы және «Alma Qala» азаматтық бастама қозғалысымен бірлесіп жүзеге асырылды.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтап, Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың ғылым саласын дамытуға арналған тапсырмаларына тоқталды.



Сондай-ақ ҚазҰУ қалашығында отырғызылған Сиверс алмасының тарихы туралы баяндап, жаңа аумақты «Ғалымдар бағы» деп атауды ұсынды.

Шараға атсалысқан «Alma Qala» азаматтық бастамасы қозғалысының негізін қалаушы Ерлан Стамбеков «Қазақстанның қызыл кітабына еніп, жойылып кетудің алдында тұрған жеміс ағашын көбейтуге қолдау көрсеткені үшін ҚазҰУ-ға алғысымды білдіремін» деді.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің 1-курс докторанты Әділ Құсманғазинов: «Сиверс алмасы түр пішінінің алуан түрлілігімен, әсіресе, мөлшерімен, түсімен және жемістің дәмімен ерекшеленеді. Алматы қаласының Бас ботаникалық бағынан б.ғ.д., профессор, академик Аймақ Жанғалиевтің жетекшілігімен таулы аймаққа жерсіндірілген. Мамандар Қазақстанда күні бүгінге дейін сақталған Сиверс алмасының генетикалық қоры алма сорттарының өнімділігін арттырып, түрлі ауруларға қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыруға жол ашатынын алға тартып отыр» деген пікірімен бөлісті.

Естеріңізге сала кетсек, осыған дейін ҚазҰУ қалашығына 160-тан Қырым қарағайы мен Алтай шыршасы отырғызылған болатын.

Өз тілшімізден

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛБЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: Svetlana.Umyrgaleyeva@kaznu.kz

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы www.kaznu.kz сайтына орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.